

«Бекітемін» 
Мектеп директоры
Қ.А.Сатығалиев
«05» 09 2023ж

«Келісемін» 
Директордың тәрбие ісі
жөніндегі орынбасары
Ж.М.Шаутонов
«05» 09 2023ж

6 сыныпқа арналған тәрбие жоспары

Сынып жетекшісі: Ерманова Мөлдір Бауыржанқызы

2023-2024 оқу жылы

ТҮСІНІК ХАТ

Өскелең жас ұрпақты рухани-адамгершілік қасиетке баулу, тәрбиелеу – барлық кезеңде өзекті. Біздің келешегіміз – жас ұрпақ, ал ұрпақ тәрбиесі адамзаттың мәңгілік тақырыбы. Ел ертеңі болар бүгінгі балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу, әлеуметтік тұрғыдан барынша қамтамасыз ету, толыққанды білім алуына жағдай жасау, олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау Қазақ елінің ұлттық саясатының басты бағыттарының бірі. Тәрбие мен оқыту өзара тығыз байланысты, бір бірінен бөліп алуға болмайтын біртұтас процесс. Білім беру ұйымдарындағы тәрбие пән мазмұны, сынып сағаттарының және мектептен, сыныптан тыс қосымша білім беру мазмұны арқылы жүзеге асады. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы қасиетті Түркістан қаласы, Түркі елінің шаңырағында өткізілген «Әділетті Қазақстан - Адал азамат» атты II Ұлттық құрылтайда сөйлеген сөзінде: «Адал азаматқа тән қасиеттер әрбір жастың бойынан табылуы керек, ұрпақтың бойында жаман әдет болса, бұл үлкендердің кінәсі»- дей келе, Әділетті Қазақстанды құру үшін: бүкіл қоғам болып жұмылу керектігін: - ең бастысы, әр азаматтың сана-сезімі жаңғыруы қажеттігін; - халқымыздың дүниетанымы және өмірлік ұстанымдары өзгеруге тиіс екендігін; - әйтпесе, басқа реформаның бәрі бекер болатындығын нақты атап өтті. «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» – ұлттық, адами құндылықтарға негізделген. Бұл құжатта білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысын толыққанды жүзеге асыру үшін білім алушылардың бойында қалыптастырылуы тиіс құндылықтар мен тәрбиенің мақсаты, міндеттері айқындалады. Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, әлемдік озық білімді игерген саналы азаматты тәрбиелеу мақсаты көзделеді.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасының» мақсаты: Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

Міндеттері:

1. Ата-ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу.
2. Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу.
3. Жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлыболуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен Ұсыным әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру.
4. Денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ойдың тазалығын және эмоционалды тұрақтылыққа баулу.
5. Табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу.

Күтілетін нәтиже:

1. Ата-анасын сыйлайды, перзенттік парызын түсінеді, «қарашанырақ», «жеті ата», «тектілік» ұғымдарының маңызын бағалайды, отбасы татулығы мен берекесін қадірлейді.
2. Отаншыл, мемлекетшіл, намысшыл, халқына адал қызмет етуді, мемлекет тәуелсіздігін және елі мен жерінің тұтастығын қорғауды борышым деп санайды және ұлттық мәдениетті құрметтейді, салт-дәстүрлерді біледі, оны сақтайды.
3. Әр ісіне, қадамына жауапкершілікпен қарайды, әдепті және мейірімді, сөзіне берік, ісіне адал, кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді, ар-ұятты жоғары бағалайды.

4. Жан мен тән тазалығын сақтайды, дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді, эмоционалды жай-күйін басқарады.

5. Тұратын үйін, ауласын, қаласын таза ұстайды, қоғамдық орынға және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарайды, табиғатқа жанашыр және туған жердің қайталанбас ерекшелігін және оның бірегей болмысын таниды және адал еңбекті жоғары бағалайды.

Ұлттық құндылықтар: ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ, АР-ҰЯТ, ТАЛАП.

Ұлттық мүдде құндылығы: - Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға атсалысу; - Қазақстанның оңтайлы имиджін қалыптастыруға белсенді үлес қосу; - Ұлттық мұраға ұқыпты қарау; - Қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту; - Қазақстан мүддесіне қызмет етуге ұмтылу; - Қоғам игілігі үшін қызмет ету; - Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге дайын болу; - Ұлттық мәдениетті дәріптеу;

Күтілетін нәтижесі: - Отаншыл, мемлекетшіл және намысшыл - Мемлекеттік рәміздерді қадірлейді - Елінің тарихын құрметтейді - Ұлттық мирасты, мәдениетті дәріптейді Ұсыным - Құқықтық және экологиялық мәдениеті жоғары

Ар-ұят құндылығы: - Академиялық адалдыққа икемділік қолдау; - Адал еңбекті құрметтеу; - Сөзіне берік, ісіне адал болу; - Халқына адал қызмет ету - Әдеп нормаларын ұстану; - Шешім қабылдай білу және жауапкершілікті сезіну; - Достарына, сыныптастарына, отбасы мүшелеріне қамқор болу, мейірімділік таныту; - Өзін отбасының, сыныптың, мектептің, қоғамның, Отанның бір мүшесі екенін сезіну.

Күтілетін нәтижесі: - Ар-ұят, адалдықты жоғары бағалайды; - Сөзіне берік, ісіне жауапкершілік танытады; - Ата-анасына сүйіспеншілікпен қарайды; - Достарын, сыныптастарын сыйлайды; - Кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді.

Талап құндылығы: - Сыни және креативті ойлау; - Жеке және командамен жұмыс істей білу; - Білуге, жаңаны тануға құштар болу; - Физикалық белсенді болу; - Салауатты өмір салтын ұстану; - Технологиялық және цифрлық дағдыларды игерілету; - Дұрыс қарым-қатынас орнату білу; - Уақыт пен қаржыны тиімді жоспарлау.

Күтілетін нәтижесі: - Жан мен тән тазалығын сақтайды; - Дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді; - Қоршаған орта тазалығын сақтайды; Ұсыным - Ақпараттық, медиа және қаржылық сауаттылық; - Ізденімпаз, жасампаз тұлға.

Бағдарлама аясында жүзеге асырылатын жобалар:

1. «Оқуға құштар мектеп»
2. «Балалар және театр»
3. «Еңбегі адал жас өрен» (Еріктілермен жұмыс)
4. «Үшқыр-ой алаңы»
5. «Жеткіншектің жеті жарғысы»
6. «Ұлттық мектеп лигасы»
7. «Ғаламтор қауіпсіздігі»
8. «Төрт тоқсан-төрт өнер»
9. «9 ай-9 іс-шара»
10. «Ата-аналар мектебі»

Тәрбие жұмысының бағыттары бойынша іс-шаралар жоспары

№	Іс-шараның атауы	Мақсатты аудитория	Ұйымдастыру түрі	Аяқталу нысаны	Мерзімі
1	1 қыркүйек - білім күні «Мектеп – мейірім мекені»	6-сынып	Салтанатты жиын және сынып сағаттары	«Білімге ұмтылу, еңбексүйгіштік және Отаншылдық»,	1.09.2023ж
2	«Байқа балақай...» балалардың қауіпсіздігін сақтау («Жеткіншектің Жеті Жарғысы») «Біздің қала, аудан» ЖОЖЕ №1	6 сынып	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	4.09.2023ж
3	Еріктілер ұйымын құру («Еңбегі адал жас өрен» жобасы)	6-сынып	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	11.09.2023ж
4	«Мектеп – мейірбандық мекені» («Өзіңе және өзгеге жақсылық жаса» жобасы)	7-сынып	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	18.09.2023ж
5	Отбасы күніне арналған іс-шаралар («Тоғыз айға тоғыз шара» жобасы)	5-9 сыныптар	Сынып сағаты	Отбасы күніне арналған жарнамалық акциялар, түрлі іс-шаралар,	25.09.2023ж
6	1-қазан Қарттар күні	6-сынып	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	02.10.2023ж
7	«Үстаз! Сіздің алдыңызда» («Оқуға құштар мектеп» жобасы)	6-сынып	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	09.10.2023ж
8	Алаш қозғалысының қайраткері, ақын, қазақ әдебиетінің жарық жұлдызы Мағжан Жұмабаевтың туғанына 130 жыл «Жол көлік оқиғаларының себептері» ЖОЖЕ №2	6-сынып	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	16.10.2023ж
9	25-қазан Республика күні	6-сынып	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	23.10.2023ж
10	«Ұлы дала перзентімін» («Еңбегі адал жас өрен» жобасы)	6-сынып	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	6.11.2023ж
11	15-қараша Валюта күні «Жол таңбаларының мақсаты» ЖОЖЕ №3	6-сынып	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	13.11.2023ж
12	«Оян, ар мен адалдық» («Еңбегі адал жас өрен» жобасы)	6-сынып	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	20.11.2023ж
13	Су мен электр энергиясын үнемдеуге бағытталған «Үнемділік инноваторы» («Еңбегі адал жас өрен» жобасы)	6-сынып	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	27.11.2023ж

14	«Тарих пен тіл тамырлас» («Жеткіншектің Жеті жарғысы» жобасы)	6-сынып	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	4.12.2023ж
15	«Отбасы – тәрбиенің алтын бесігі» («Тоғыз айға тоғыз шара» жобасы) «Қосымша секциялары бар бағдарламалар белгілері» ЖОЖ №4	6-сынып	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары,	11.12.2023ж
16	«Мен - еріктімін» («Еңбегі адал жас өрен» жобасы)	6-сынып	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары,	25.12.2023ж
17	Қазақтың көрнекті жазушысы, драматург, публицист, қазақ әдебиетін қалыптастырушылардың бірі Жүсіпбек Аймауытовтың туғанына 135 жыл	6-сынып	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	8.01.2024ж
18	«Парасаттылық туралы» («Оқуға құштар мектеп» жобасы) «Реттеушінің белгілері» ЖОЖ №5	6-сынып	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	15.01.2024ж
19	Ақын, жазушы, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Сәкен Сейфуллиннің туғанына 130 жыл	6-сынып	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	22.01.2024ж
20	Туған өлке ақындарының шығармалары («Жеткіншектің Жеті жарғысы» жобасы)	6-сынып	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	29.01.2024ж
21	«Мақал – сөздің азығы, жұмбақ – ойдың қазығы» («Балалар кітапханасы» жобасы)	6-сынып	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	05.02.2024ж
22	«Тарихқа тағзым» («Жеткіншектің Жеті жарғысы» жобасы)	6-сынып	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	12.02.2024ж
23	«Сен және Заң» («Жеткіншектің Жеті жарғысы» жобасы) «Жол белгілері және олардың мақсаты» ЖОЖ №6	6-сынып	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	19.02.2024ж
24	Қазақ халқының XX ғасыр басындағы аса көрнекті ақын-жазушысы, ақыл-ойшысы, демократ ақыны Торайғыровтың туғанына 130 жыл	6-сынып	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	26.02.2024ж

25	«Таным.Тағылым. Тәрбие» (Жеткіншектің Жеті Жарғысы» жобасы)	6-сынып	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	4.03.2024ж
26	«Бәрі де, Ана, бір өзіңнен басталды» («Ата-аналар мектебі» жобасы) «ЖҚЕ негізгі түсініктері мен терминдері» ЖОЖЕ №7	6-сынып	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	11.03.2024ж
27	«Үміт сәулесі» акция («Еңбегі ерен жас өрен» жобасы)	6-сынып	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	18.03.2024ж
28	«Достық – көмекпен мықты» («Еңбегі адал жас өрен» жобасы)	6-сынып	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	1.04.2024ж
29	«Ұмыт болған ұлттық тағамдар» («Ата-аналар мектебі» жобасы) «Жүргізуші еңбегінің ерекшеліктері және оның негізгі міндеттері.Заманауи көлік жоғары қауіптілік аймағы.Қоғамдық көлік» ЖОЖЕ №8	6-сынып	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	8.04.2024ж
3	12-Ғарышкерлер күні «Жаракаттанғанда, жаралап алғанда алғашқы медициналық көмек көрсете білуге дағдылану» ЖОЖЕ №9	6-сынып	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	15.04.2024ж
31	«Ұлттық киім – ұрпаққа мұра» («Ата-аналар мектебі» жобасы)	6-сынып	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	22.04.2024ж
32	«Тиімді әрі пайдалы тамақтану негізі» («Ата-аналар мектебі» жобасы)	6-сынып	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	29.04.2024ж
33	7-мамыр Отан қорғаушылар күні «Велосипедте жүру» ЖОЖЕ №10	6-сынып	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары Сынып сағатының жоспары	6.05.2024ж
34	«Жеңіс деген шат күлкісі баланың» («Жеткіншектің Жеті жарғысы» жобасы)	6-сынып	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	13.05.2024ж
35	Ақын, жазушы, философ, тарихшы, композитор Шәкәрім Құдайбердіұлының туғанына 165 жыл	6-сынып	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	20.05.2024ж